

"Уытты және уыттылығы жоғары заттардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 қарашадағы N 1219 Қаулысы.

"Техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі жоспарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 2243 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Уытты және уыттылығы жоғары заттардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 19 қарашадағы
№ 1219 қаулысымен
бекітілген

"Уытты және уыттылығы жоғары заттардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті

1. Қолданылу саласы

1. Осы "Уытты және уыттылығы жоғары заттардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті (бұдан әрі - Техникалық регламент) халықтың денсаулығы мен өміріне, қоршаған табиғи ортаға қауіпті уытты және уыттылығы жоғары заттарға, сондай-ақ уытты және уыттылығы жоғары заттардың кем дегенде біреуі жобаланатын, жүргізілетін, пайдаланылатын, қайта өңделетін, пайда болатын, сақталатын, тасымалданатын, жойылатын кезде болатын өндірістік процестерге (бұдан әрі - қауіпті өндірістік процестер) қойылатын міндетті талаптарды белгілейді.

Қауіпсіздік талаптары белгіленетін уытты және уыттылығы жоғары заттардың толық тізбесі осы техникалық регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

2. Тірі организмнің өміріне және қоршаған ортаға зиян келтіру ықтималдылығына қатысты уытты және уыттылығы жоғары заттардың қауіпті факторлары (тәуекелдері) мыналар:

- 1) тірі организмдерді жоюға әкелуі мүмкін елеулі уытты әсер ету тәуекелі;
- 2) тірі организмдерді жоюға әкелуі мүмкін елеулі уыттылығы жоғары әсер ету тәуекелі;

3) қоршаған табиғи ортаға, соның ішінде су ортасында күшті уыттылық көрсеткіштерімен сипатталуы қауіпті әсер ету тәуекелі болып табылады.

3. Адам денсаулығына, тірі организмге және қоршаған ортаға зиян келтіру мүмкіндіктерінің ықтималдылығына қатысты қауіпті өндірістік процестер кезінде болдырмауға қажет факторлар мыналар:

1) улы химиялық өнімді жұту кезінде (ингаляциялық әсер ету) адамға және тірі организмге уытты және уыттылығы жоғары әсер ету тәуекелі;

2) адамға және тірі организмге тері жабындарының көрінетін некрозын (зақымдалуын) тудыратын қауіпті өнімнің уытты әсер ету тәуекелі;

3) көзге түскен кезде қайтымсыз салдарларды тудыратын қауіпті өнімнің уытты әсер ету тәуекелі;

4) жоғары сезімталдық реакциясы түрінде байқалатын дем алған кезде сенсбилизациялайтын әсері бар қауіпті өнімнің адам ағзасына уытты әсер ету тәуекелі (астма, ринит, конъюнктивит, альвеолит);

5) тері жабындарымен қатынасында сенсбилизациялық әсері бар, аллергиялық байланысты дерматитке әкелуі мүмкін қауіпті өнімнің адам ағзасына уытты әсер ету тәуекелі;

6) дене клеткаларында мутацияның болуын тудыратын қауіпті өнімнің адам ағзасына және тірі организмге уытты әсер ету тәуекелі;

7) адам мен тірі организм үшін канцерогенділіктің болуын тудыратын қауіпті өнімнің адам организмне және тірі организмге уытты әсер ету тәуекелі;

8) ұдайы өндіріс функциясына зиянды әсер ететін қауіпті өнімнің адам организмне және тірі организмге уытты әсер ету тәуекелі;

9) бір реттік және созылмалы әсер етуі кезінде адам мен жануарлар организмінде мүше-нысанаға және/немесе жүйеге зиянды әсер ететін қауіпті өнімнің адам организмне және тірі организмге уытты әсер ету тәуекелі;

10) сулы ортада балыққа және басқа су жануарларына, балдырларға елеулі уытты әсер етуі мүмкін күшті уыттылыққа ие қауіпті өнімнің зиянды әсер ету тәуекелі;

11) сулы ортада балыққа, шаян тәрізділерге, балдырларға елеулі уыттылық әсер етуі мүмкін қауіпті өнімнің зиянды әсер ету тәуекелі, оларға елеулі уытты әсер етуге әкелуі мүмкін;

12) шаруашылық-ауыз су және мәдени-тұрмыстық суды пайдаланудың су объектілерінің жер үсті суларының ластану тәуекелі;

13) атмосфералық ауаның қауіпті өніммен ластану тәуекелі;

14) топырақтың қауіпті өніммен ластану тәуекелі;

15) қауіпті өнеркәсіптік қалдықтардың қоршаған ортаға зиянды әсері;

16) азық-түлік шикізатын және тамақ өнімдерін ауыл шаруашылық және өнеркәсіптік өндірістің барлық кезеңдерінде, сондай-ақ оларды сақтау, орау, таңбалау

кезінде тамақ өнімдерінің ауыр металдармен, күшәламен, нитрозамимен, бенз(а) принмен, полихлорбифиналмен, гистаминмен ластану тәуекелі;

17) өнеркәсіптік қалдықтардың табиғи ортаға зиянды әсер ету тәуекелі болып табылады.

4. Құрамында уытты және уыттылығы жоғары заттары бар өнімді сәйкестендіру осы Техникалық регламенттің қолданылу саласында оның тиістілігін анықтау мақсатында мынадай сипатты белгілері бойынша жүргізіледі:

- 1) компоненттік құрамның сапалық және сандық өлшемдері;
- 2) қауіптілік сыныбы;
- 3) пайдалану тәсілі.

5. Құрамында уытты және уыттылығы жоғары заттар бар өнімнің сәйкестендіру белгілерін мынаған сүйене отыра, қауіпті өнімді жеткізетін тұлға анықтайды:

- 1) нақты өнімнің соған ұқсас затқа, үлгіге немесе техникалық сипатына сәйкестігі;
- 2) заттың әрбір уытты элементінің құрамы және сәйкестігі;

3) құрамында уытты және уыттылығы жоғары заттары бар өнімнің жіктелу тобына тиістілігі (Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының коды);

- 4) біртекті қауіпті өнімнің тобына тиістілігін анықтайтын негізгі сипаттамалар;
- 5) белгілену көрсеткіштері.

6. Сәйкестендіру нәтижелері құрамында уытты және уыттылығы жоғары заттары бар сәйкестендіру өнімін осы Техникалық регламенттің қолданылу аясына түсетін қауіпті өнімге жатқызу немесе жатқызбау болып табылады. Сәйкестендіру нәтижелері және қауіпті өнімнің атауы хаттамада ресімделеді, онда қабылданған анықтамаға негіздемелер көрсетіледі, хаттама қауіпті өнімді нарыққа жеткізетін тұлғада сақталады және жоспарлы, жоспардан тыс тексерістерді жүргізген кезде бақылаушы органдарға ұсынылады.

2. Терминдер мен анықтамалар

7. Осы Техникалық регламентте Қазақстан Республикасының "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы және "Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы" 2002 жылғы 3 сәуірдегі заңдарында көзделген ұғымдар, сондай-ақ мыналар пайдаланылады:

1) мөлшер - организмге түскен немесе енгізілген заттың саны немесе қандай да бір фактордың қарқындылығын есепке ала отырып, оның организмге ұзақ әсер етуі;

2) өліммен аяқталатын мөлшер - зиянды заттың ең аз саны немесе оның организмге әсер етуі, түсуі немесе әсер етуі соңының жойылуына әкеледі;

3) уытты мөлшер - организмнің улануына әкелетін уытты заттың ең аз мөлшері;

4) қауіпті өнім - қауіпті химиялық өнім, қауіпті тамақ өнімі, қауіпті қалдықтар, олардың құрамына кемінде бір уытты зат енеді, 1-қосымшада келтірілген концентрацияда адам денсаулығы мен қоршаған ортаға әсер етеді;

5) сақтандырғыш таңбалау — қауіпті өнімнің қауіпті қасиеттері туралы ақпарат және құрамында уытты және уыттылығы жоғары заттары бар өнімнің қауіпсіздік саласында техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес өніммен және орауышпен жұмыс істеу сатысында қауіпсіздік шаралары туралы ақпарат;

6) қауіпті өнімнің қауіпсіздік паспорты - қауіпті өнімнің сипаттамалары және онымен қауіпсіз айналысуды қамтамасыз ету бойынша шаралар туралы мәліметтерді қамтитын құжат;

7) химиялық өнім — табиғи ресурстардан бөлудің технологиялық кезеңдерінен өткен өнім және (немесе) химиялық реакцияларды пайдаланып, сондай-ақ дайындаушы кәсіпорын шығарған күйінде адамның немесе өндіріс қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайдалануға жарамды шикізаттың қайта өңделуі;

8) қауіпті химиялық өнім - адам денсаулығы мен өміріне, қоршаған ортаға зиян әсер келтіруі мүмкін қасиетке ие химиялық заттар;

9) қауіпті химиялық өнімді жіктеу — уытты және уыттылығы жоғары заттардан құралатын химиялық өнімді адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға зиянды әсер етуі мүмкін қасиеттерін анықтау үшін химиялық заттардың қауіптілік және санат сыныптары бойынша бөлу;

10) канцерогендер - қатерлі ісік ауруларын тудыратын немесе олардың пайда болуына ықтимал ететін химиялық заттар немесе факторлар;

11) экологиялық қауіпті объект - құрылысы мен қызметі адам денсаулығына және қоршаған ортаға зиянды әсер етуі мүмкін немесе әсер ететін шаруашылық немесе басқа объект;

12) қауіпті қалдықтардың паспорты - қалдықтарды өзінің шығу жері, сандық және сапалық көрсеткіштері, олармен айналысу ережелері, оларды бақылау әдістері, осы қалдықтардың қоршаған ортаға, адам денсаулығына және (немесе) адамдардың мүлкіне зиянды әсерінің түрлері бойынша туындау процестерін стандартты сипаттаудан және қалдықты өндірушілер туралы және оларды меншікте ұстайтын басқа тұлғалар туралы мәліметтерді қамтитын құжат;

13) қалдықтарды жіктеу - қалдықтарды қоршаған ортаға және адам денсаулығына қауіптілігіне сәйкес сыныптарға жатқызу тәртібі;

14) жер үсті су объектілері - сулардың құрлықтың үстіңгі бетінде оның жер бедері нысандарында ұдайы немесе уақытша шоғырлануы, көлемі және су режимі;

15) қауіпті су ортасы - уытты және уыттылығы жоғары заттарды қамтитын су ортасы (су, балық, планктонды организмдер, балдырлар), оны пайдалану барысында адам өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға жол берілмейтін тәуекел пайда болуы мүмкін;

16) шекті рұқсат етілетін концентрация (бұдан әрі - ШРК) - көлем бірлігіндегі зиянды химиялық заттың ең көп саны, ұзақ уақыт бойы күн сайын әсер ету барысында адам организміне зиянды әсер етпейді, ол қазіргі заманғы зерттеулер әдістерімен анықталады; қоршаған ортаның (жұмыс аймағының ауасы, атмосфералық ауаның, су объектілерінің және топырақтың) санитарлық-эпидемиологиялық жағдайын бағалау кезінде генетикалық өлшемі болады;

17) шамамен рұқсат етілетін деңгейлер (бұдан әрі - ШРД) - уыттылықты болжаудың есептік және шұғыл-эксперименталды әдістерінің негізінде әзірленген судағы заттардың рұқсат етілген деңгейлері және жобаланатын немесе салынатын кәсіпорындарды, тазалау құрылыстарын алдын ала санитарлық қадағалау сатысында пайдаланатын деңгейлер,

18) сәйкестікті бағалау - сәйкестікті растау, сынақ жүргізу, зерттеу, өлшеу, тексеру, калибрлеу, аттестаттау арқылы өнімге, үрдіске, қызмет көрсетуге, менеджмент жүйесіне, персоналға, өлшеу құралына, сынақ жабдығына, өлшемді орындау әдістемесіне қойылатын берілген талаптардың орындалуын дәлелдеу;

19) қауіпті жүк - кез келген қауіпті өнімдер, материалдар, бұйымдар, өндіріс және басқа да қызмет түрлерінің қалдықтары, олар өздеріне тән қасиеттеріне қарай тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстары өндірісі және сақтау кезінде жарылыс, өрт немесе техникалық заттардың, құрылғылардың, ғимараттардың, құрылыстардың зақымдануына, сонымен бірге адамдардың, жануарлардың өліміне, жарақаттануына және ауруына, қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін;

20) уытты қалдықтар - қоршаған ортаға түскен жағдайда биожинақтау және/немесе биожүйелерге улы әсер ету нәтижесінде адам үшін қауіп төндіретін немесе төндіруі мүмкін заттардан тұратын қалдықтар (МЕМСТ 30772-2001);

21) қауіпті өнімнің айналымы - қауіпті өнімді Қазақстан Республикасының аумағында өндіруді, өндеуді, сақтауды, сатуды, қолдануды және жоюды жүзеге асыру.

3. Құрамында уытты және уыттылығы жоғары заттар бар қауіпті өнімді Қазақстан Республикасының нарығында орналастыру талаптары

8. Уытты және уыттылығы жоғары заттар, сондай-ақ қауіпті өндірістік процестер Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің, 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Кодексі және Қазақстан Республикасының "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы, "Қауіпті өндірістік объектілерден өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы" 2002 жылғы 3 сәуірдегі, "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" 2002 жылғы 4 желтоқсандағы, "Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі, "Тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі заңдарының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

9. Қазақстан Республикасының нарығында уытты және уыттылығы жоғары заттардан тұратын қауіпті өнімнің айналымы кезінде, оның тіршілік айналымының барлық өндірістік процестерінің ұзақтығы кезінде адам өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне, мемлекеттік мүлікке, қоршаған ортаға, жануарлар және өсімдіктер тіршілігі мен саулығына мыналар арқылы мақсатсыз бағытталған жаңа заттардың пайда болуы нәтижесінде зиян келтіруге жол берілмейді:

- 1) қауіпті өнімнің әр алуан түрінің, айналымдағы қауіпті өнім массаларының өзара әрекет етуі,
- 2) оның айналымда болу ұзақтығы,
- 3) қоршаған орта факторларының қауіпті өнімге әсер етуі.

10. Құрамында уытты және уыттылығы жоғары заттары бар қауіпті өнім сәйкестік сертификаты (көшірме) немесе сәйкестігі, қауіпті өнімнің нақты тобының сәйкестігін бағалаудың нысаны мен ерекшеліктеріне байланысты сәйкестік белгісі туралы декларация болған кезде Қазақстан Республикасының нарығында орналастырылады.

4. Уытты және уыттылығы жоғары заттардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

Жобалау сатысында уытты және уыттылығы жоғары заттардың және құрамында уытты және уыттылығы жоғары заттар бар өнімнің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

11. Осы Техникалық регламент жобалау сатысында осы Техникалық регламенттің 2-тармағында көрсетілген ықтимал қауіпті тәуекелдің әрбір түрі бойынша адам өміріне немесе денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтірудің тәуекел деңгейін есепке алып, қауіпті өнім және қауіпті табиғи ортаның мынадай біртекті топтарына қойылатын міндетті талаптарды белгілейді:

- 1) қауіпті химиялық өнім;
- 2) қауіпті тамақ өнімі;
- 3) қауіпті табиғи орта (қауіпті атмосфералық ауа, қауіпті су ортасы, қауіпті топырақ);
- 4) қауіпті қалдықтар.

12. Қауіпті өнім және қауіпті өндірістік процестердің жобасы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жобалауға арналған техникалық тапсырма негізінде орындалады (әзірленеді).

13. Сәйкестендіру қауіптері үшін қауіпті өнімді және қауіпті өндірістік процестерді жобалау кезінде үйлестірілген стандарттардың талаптары бойынша есептік әдіспен немесе ұқсас объектілердің уыттылығын болжаудың шұғыл-эксперименталды әдістерінің деректері бойынша тәуекел деңгейлері бағаланады.

14. Қауіпті әсер ету тәуекелі ғылыми-техникалық әдістерді, уытты және уыттылығы жоғары заттар әсерінің шекті рұқсат етілген концентрациясын және қоршаған орта

жағдайларын есепке ала отырып, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы талаптарға, гигиеналық нормативтерге сәйкестігін бағалау рәсімдерінен өткен технология мен жабдықты пайдаланып, практикалық мүмкін болатын деңгейге дейін азайтылуы қажет.

Құрамында уытты және уыттылығы жоғары заттар бар қауіпті өнімнің қауіпсіздігіне қойылатын ең төмен қажетті талаптар

15. Өліммен аяқталатын мөлшерден тұратын қауіпті өнімді немесе күшті уыттылық көрсеткіштерінен тұратын бір де бір қауіпті затты өндіруге, пайдалануға, қайта өңдеуге, сақтауға, тасымалдауға тыйым салынады:

1) тірі организмдерге әсер еткен кезде оларды жоюға әкелетін және мынадай сипаттамаларға ие болатын уытты зат:

салмақ килограммына қоса алғанда 15-тен 200 миллиграмға дейін асқазанға енгізу кезіндегі өлтіретіндей орташа мөлшер;

салмақ килограммына қоса алғанда 50-ден 400 миллиграмға дейін теріге енгізу кезіндегі өлтіретіндей орташа мөлшер;

бір литрге қоса алғанда 0,5-тен 2 миллиграмға дейін ауадағы өлтіретіндей орташа концентрация;

2) тірі организмдерге әсер еткен кезде оларды жоюға әкелетін және мынадай сипаттамаларға ие болатын уыттылығы жоғары зат:

салмақ килограммына 15 миллиграммын аспайтын мөлшерде асқазанға-енгізу кезіндегі өліммен аяқталатын мөлшер;

салмақ килограммына 50 миллиграммнан аспайтын мөлшерде теріге енгізген кезде өлтіретіндей мөлшер;

бір литрге 0,5 миллиграммнан аспайтын мөлшерде ауада өлтіретіндей орташа концентрация;

3) қоршаған табиғи ортаға, соның ішінде су ортасы үшін қауіптендіруі күшті уыттылықтың мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

бір литрге 10 миллиграммнан аспайтын мөлшерде тоқсан алты сағат бойы балыққа ингаляциялық әсер еткен кезде өлтіретіндей орташа мөлшер;

бір литрге 10 миллиграммнан аспайтын мөлшерде қырық сегіз сағат бойы дафнияға әсер еткен кезде тиісті әсер тудыратын қауіпті заттардың өлтіретіндей орташа концентрациясы;

бір литрге 10 миллиграммнан аспайтын мөлшерде жетпіс екі сағат бойы балдырларға әсер еткен кезде ингибирленетін орташа концентрация.

16. Егер қауіпті заттардың бір санаттағы бірнеше түрлері қолданылса, онда олардың шекті жиынтық мөлшері мынадай шартпен анықталады:

$$\sum_{i=1}^n \frac{m(i)}{M(i)} \geq 1$$

мұндағы $m(i)$ - қолданылатын зат мөлшері;

$M(i)$ - барлық i 1-ден n -ге дейін осы тізбеге сәйкес сол заттың шекті мөлшері.

17. Құрамында уытты және уыттылығы жоғары заттары бар қауіпті өнімнің қауіпсіздігі мынаған қойылатын талаптарды орындау арқылы қамтамасыз етіледі:

а) өнім нарығында орналастырылатын сәйкестендіру;

б) қауіптілікті жіктеу;

в) сақтандырғыш таңбалауды және/немесе қауіпсіздік паспортын қамтамасыз ету;

г) осы техникалық регламентте, қолданыстағы заңнама актілерінде, халықаралық келісімдерде, шарттарда өнімге қойылатын талаптардың сақталуын бағалау және сәйкестігін растау.

Құрамында уытты және уыттылығы жоғары заттар бар қауіпті өнімнің қауіпсіздік шараларын тиісті орындауға оның тіршілік айналымының әрбір кезеңінде қауіпті өнімнің меншік иесі болып табылатын тұлға жауап береді.

Уытты заттардың және қауіпті өнімнің қауіптілік сыныптары, өлшемдері және негізгі көрсеткіштері

18. Құрамында уытты және уыттылығы жоғары заттары бар қауіпті химиялық өнімді, қауіпті тамақ өнімін белгілі бір қауіптіліктің тиісті сыныбына/сыныптарына жатқызу Қазақстан Республикасының "Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы", "Тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы" заңдарына сәйкес қауіптілікті жіктеу өлшемдерімен қолдағы деректермен салыстыру жолымен жүзеге асырылады.

19. Уытты және уыттылығы жоғары заттар мөлшерінен тұратын қауіпті химиялық өнімді жіктеу қауіптілік сыныптары бойынша анықталады.

20. Қауіпті химиялық өнімді қауіптіліктің нақты сыныбына/сыныптарына жатқызу қазақстандық және/немесе халықаралық тізімдемелерде және қауіпті (ықтимал қауіпті) заттардың тізбесінде келтірілген химиялық заттар мен қоспалардың қауіпті қасиеттері туралы белгілі мәліметтер, сондай-ақ аталған қызмет түріне аккредиттелген сынақ зертханалары немесе халықаралық деңгейде танылған орталықтар жүргізген сынақтар нәтижесінде қауіптің қасиеттерін зерттеу барысында алынған мәліметтер негізінде жүзеге асырылады.

21. Адам организміне әсер етуге байланысты, құрамында уытты және уыттылығы жоғары заттары бар уытты заттар мен қауіпті өнімнің қауіп сыныптары мынаны білдіреді:

1) улы химиялық өнім, ол 2-қосымшаға сәйкес қауіптің бес сыныбының біреуіне жатады.

2) 3-қосымшаға сәйкес қауіптілік сыныбының біреуіне жататын, тері зақымын (некроз)/ тітіркенуін тудыратын қауіпті химиялық өнім.

3) 4-қосымшаға сәйкес қауіптіліктің екі сыныбының біреуіне жататын көздің зақымдалуын/тітіркенуін тудыратын қауіпті химиялық өнім.

4) 5-қосымшада ұсынылған сезімталдық әсер өтетін қауіпті химиялық өнім.

5) 6-қосымшада ұсынылған адам үшін мутагендік әсер өтетін қауіпті химиялық өнім

6) 7-қосымшада ұсынылған адам үшін канцерогендік әсер өтетін қауіпті химиялық өнім.

7) 8-қосымшада ұсынылған ұдайы өндіріс функциясына әсер өтетін қауіпті химиялық өнім.

8) 9-қосымшада ұсынылған бір рет әсер еткен кезде нысана органға және/немесе жүйеге таңдамалы уыттылыққа ие болатын қауіпті химиялық өнім.

9) 10-қосымшада ұсынылған бірнеше рет немесе ұзақ әсер еткен кезде нысана органға және/немесе жүйеге таңдамалы уыттылыққа ие болатын қауіпті химиялық өнім

22. Табиғи ортаға зиянды әсер өтетін уытты және уыттылығы жоғары заттар қоршаған су ортасы үшін қауіпті, қоршаған ауа ортасына (атмосфералық ауа, озон қабаты) және топыраққа қауіпті заттарға әсер ету санаты бойынша жіктеледі.

23. Су ортасына (балық, планктонды организмдер, балдырлар), күшті уыттылыққа ие болатын химиялық өнім 11-қосымшаға сәйкес қауіптіліктің үш сыныбының біреуіне жатады.

Су ортасында (балық, плапктонды организмдер, балдырлар) созылған уыттылыққа ие болатын химиялық өнімнің қауіптілік сыныбы 12-қосымшаға сәйкес қауіптіліктің төрт сыныбының біреуіне жатады.

24. Заттардың қауіптілік сыныптарын белгілеу кезінде уытты заттардың белгілері және сипаттамаларының негізгі көрсеткіштері 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 және 12-қосымшаларда келтірілген.

25. Адам организміне тамақ өнімдерімен бірге химиялық және биологиялық жыныстың уытты заттарының едәуір бөлігі енеді.

26. Жер үсті су объектілерінде заттардың мынадай қауіптілік сыныптары белгіленген:

I сынып - өте қауіпті,

II сынып - қауіптілігі жоғары,

III сынып - қауіпті,

IV сынып - қауіптілігі қалыпты.

27. Жіктеу негізіне 13-қосымшада көрсетілген, адам үшін уыттылығына байланысты суды ластайтын химиялық қосындылардың қауіптілігінің әр түрлі дәрежесімен сипатталатын көрсеткіштер, химиялық заттардың ШРК және судағы заттардың бағдарлы рұқсат етілген деңгейлері алынған.

28. Заттардың қауіптілік сыныптары мынаны ескереді:

1) индикаторлық заттар ретінде судағы алғашқы бақылауға жататын қосындыларды таңдаған кезде;

2) қосымша капиталды қажет ететін су күзету шараларының жүйелілігін белгілеген кезде;

3) технологиялық процестерде жоғары қауіпті заттарды қауіптілігі аз заттарға ауыстыру туралы ұсынымдарды негіздеу барысында.

29. Топырақтың қауіптілік сыныбы ондағы химиялық заттардың шекті рұқсат етілген концентрациямен нормаланады 14-қосымшаға сәйкес жердегі химиялық заттардың шекті рұқсат етілген концентрациялары.

30. Қауіптілік деңгейін анықтау және қалдықтарды кодтау, қалдықтардың тізімін, олардың кодтарын сипаттамаларын, сондай-ақ қалдықтармен жұмыс істеу опрециясының тізбесін анықтайтын "Қалдықтар анықтамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 31 мамырдағы № 169-П бұйрығы негізінде жүргізіледі.

Анықтамалықта қалдықтардың аталған түрі болмаған жағдайда қауіп деңгейі және кодтау әр нақты жағдайға негізделеді және қоршаған ортаны қорғау саласында уәкілетті органмен келісіледі.

31. Өнеркәсіптік қалдықтардың уыттылық сыныбын анықтаудың негізіне қоршаған ортаға өнеркәсіптік қалдықтардың ықтимал ықпалын бағалау барысында ықтимал қағидатынан және өнеркәсіптік қалдықтардың мүмкін зиянды әсерін бағалау барысында анағұрлым маңызды ретінде гигиеналық нормалар мен токсикометрия параметрлерін пайдаланудан тұратын есептік әдіс алынған.

32. Өнеркәсіптік қалдықтардың уыттылық сыныбын анықтау жердегі ШРК негізінде жер қойнауын пайдалану саласындағы құзыретті мемлекеттік органның келісуі бойынша уәкілетті орган қабылдаған үйлескен стандарттарда ұсынылған есеп бойынша рұқсат етіледі.

33. Қауіптілік деңгейін анықтау және қалдықтарды кодтау технологияны өзгерту немесе басқа шикізат ресурстарына ауысу кезінде, сондай-ақ қалдықтардың қауіпті қасиеттері өзгеруі мүмкін басқа жағдайларда жүргізіледі.

Қалдықты белгілі бір кодтауға жатқызуды табиғат пайдаланушы дербес немесе қоршаған ортаны қорғау саласында жұмыстар мен қызмет көрсетуге лицензиясы бар жеке және заңды тұлғаларды тартумен жүргізеді.

Құрамында уытты заттары бар өнімнің сақтандырғыш таңбалауына және/немесе қауіпсіздік паспортына қойылатын талаптар

34. Барлық қауіпті өнім оның қауіпті қасиеттері туралы хабарлайтын сақтандырғыш таңбалауға жатады.

Қауіптіліктің стандартты символдарының тізбесі қауіпті өнімді сақтандырғыш таңбалау кезінде көрсетілуі тиіс, халықаралық талаптарға сәйкес белгіленеді және техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

35. Қауіпті химиялық өнімнің және қауіпті тамақ өнімін орауышындағы немесе ыдысындағы сақтандырғыш таңбалау оларды өлшеп орау, буып-түю және таңбалау Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік-құқықтық белгіленген талаптарды қосып алуы тиіс.

Қауіпті өнімді сақтандырғыш таңбалау қауіпті өніммен қауіпсіз жұмыс істеу бойынша анағұрлым толық ақпарат қауіпсіздік паспортында болатындығын көрсету қажет.

36. Қазақстан Республикасының аумағында таңбалау қазақ және орыс тілдерінде жасалуы қажет; шетел тілдерін қосымша пайдалануға рұқсат беріледі.

37. Сақтандырғыш таңбалауды қауіпті өнімге ілескен басқа ақпарат арасынан бөліп көрсету қажет. Сақтандырғыш таңбалау анық және айқын, химиялық заттардың, климаттық факторлардың әсеріне төзімді, қауіпті өнімді сақтаудың барлық мерзімі ішінде сақталуы мен пайдаланылуы қажет.

38. Таңбалау этикеткаға немесе тікелей орауышқа салынуы мүмкін.

39. Ұсақ өлшеп орау барысында, егер таңбалауды салатын жер толық жеткіліксіз болса, қауіптілікті сақтандырғыш шаралары тікелей ыдысқа немесе орауышқа салынбайды. Алайда бұл жағдайда қауіпті өнімнің әр бірлігінде жапсырма немесе қосымша парақ болуы қажет, онда барлық қажетті сақтандырғыш таңбалау толық келтірілуі қажет.

40. Қауіпсіздік паспорты мынадай тарауларды қамтиды:

1) қауіпті өнімді сәйкестендіру және өндіруші немесе өнім беруші туралы мәліметтер;

2) қауіптіліктің (қауіптіліктердің) сәйкестендірілуі;

3) уыттылық туралы ақпарат;

4) алғашқы жәрдем көрсету шаралары;

5) апатты және төтенше жағдайларды алдын алу және олардың зардаптарын толық жою бойынша шаралар;

6) қауіпті өнімдерді сақтау және жүк тиеу-түсіру жұмыстары кезінде олармен жұмыс істеу ережелері;

7) қауіпті әсер етуді бақылау құралдары және жеке қорғаныс құралдары;

8) физикалық-химиялық қасиеттер;

9) тұрақтылық және реакциялық қабілеттілік;

10) қоршаған ортаға әсер ету туралы ақпарат;

11) уытты қалдықтарды жою бойынша ұсыныстар;

12) тасымалдау кезіндегі ақпарат (тасымалдау мақсаттары үшін қауіпті қалдықтарды орау және оларға белгі салу тәртібі Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамасында белгіленеді);

13) ұлттық және халықаралық заңнама туралы ақпарат;

14) қосымша ақпарат немесе тамақ өнімінің қауіпсіздігін растайтын құжат.

41. Қауіпсіздік паспорты қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

42. Қауіпсіздік паспортында міндетті түрде оның жасалған немесе өзектендірілген (қайта қаралған) мерзімі және қолданылған құжаттар мен әдебиетке сілтеме көрсетіледі.

43. Қауіпсіздік паспорты осы Техникалық регламент күшіне енгеннен кейін қауіпті өнімнің бірінші жеткізілген уақытынан кешіктірілмей қағаз тасығышқа және/немесе электронды түрде ұсынылады. Қауіпсіздік паспортына тәуекелдерді басқару үшін қажетті жаңа деректер пайда болған жағдайда дереу өзгерістер енгізу қажет.

44. Жаңа деректерді қамтитын қауіпсіздік паспортының жаңа нұсқасы қауіпсіздік паспортының қайта қаралған мерзімінен бұрын соңғы 12 ай ішінде қауіпті өнімді алғандардың барлығына тегін ұсынылады.

45. Өндіруші жұмысшылардың және олардың өкілдерінің олар жұмыс істейтін қауіпті өнімге қауіпсіздік паспорттарына қол жетімділігін қамтамасыз етуге міндетті.

5. Қауіпті өндірістік процестерге қойылатын талаптар

Қауіпті өнімнің барлық тіршілік циклы деңгейлерінде персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қойылатын талаптар

46. Қауіпті өнімдерді өндіру барысында Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес өндірістік персоналдың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін, қоршаған ортаның қорғалуын қамтамасыз ететін нормалар белгіленуі қажет.

47. Қауіпті өнімнің тіршілік циклының деңгейлерінде жұмыс істейтін персоналдың қажетті біліктілігі, қауіпсіз жұмыс тәсілдері туралы білімдері болуы қажет, қажетті бақылау және қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуі қажет және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен қауіпті өніммен жұмыс істеуге тиісті рұқсаттары болуы қажет.

48. Қауіпті өнімнің тіршілік циклының барлық деңгейлерінде жұмыс істейтін персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мына шарттар сақталуы тиіс:

1) қауіпті өнімнің адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға әсер етуін болдырмайтын еңбекті қорғаудың әдістері мен тәсілдерін қолдану;

2) қажетті жеке гигиена заттарын, жеке қорғаныс құралдарын беру;

3) алдын ала сақтандырғыш белгілерін қолдану;

4) персоналды химиялық өнімдермен қауіпсіз жұмыс істеу шараларымен таныстыру

;

5) апатты жағдайларды тоқтату және жою бойынша шараларды әзірлеу;

6) уытты және уыттылығы жоғары заттармен жұмыс істеу барысында жалпы талаптар бойынша және жабық аппараттарда, құдықтарда, коллекторларда, басқа іспеттес жабдықта, қауіпті өнімді шығарған кезде кәсіпорындағы сыйымдылық пен құрылыстарда жұмыстарды жүргізген кезде талаптардан тұратын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықпен жұмыс персоналына ұйымдастыру стандарттарын әзірлеу.

49. Өтініш берушілер (өндірушілер, өнім берушілер, импорттаушылар) алдын ала және мерзімдік тексерістерді, персоналды қауіпті немесе ықтимал қауіпті өніммен жұмыс істеуге үйретуді қамтамасыз етуі тиіс.

Азаматтардың жекелеген топтарына (кәмелетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, бала емізетін аналарға, мүгедектерге) қауіпті өнімдермен жұмыс істеуге тыйым салынады.

Қауіпті өнімді өндіру (жасап шығару) кезіндегі оның қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

50. Уытты және уыттылығы жоғары заттарды және 2-тармақта көрсетілген қауіпті тәуекелдерді есепке ала отырып, қауіпті өнімдерді топтастыру негізінде қауіпті өнімдерді өндіру (дайындау) кезінде азаматтардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың мүліктеріне, мемлекеттік мүлікке зиян келтіру қаупін барынша төмендетуді қамтамасыз ететін қорғаныс шаралары әзірленуі тиіс.

51. Өндірістік қызметі уытты және жоғары уытты заттармен байланысты өнеркәсіптік объектілерде:

1) уытты және уыттылығы жоғары заттарды өндіру (дайындау), қолдану және сақтау барысында еңбек қауіпсіздігі бойынша стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар әзірленуі;

2) ұйымдастырушылық-техникалық, санитарлық-гигиеналық және медициналық-биологиялық іс-шаралар кешендері орындалуы қажет.

52. Өнеркәсіптік объектіде декларациялау үшін негіз болатын уытты және уыттылығы жоғары заттардың шекті мөлшері "Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген.

53. Өндірістік қызметі уытты және уыттылығы жоғары заттармен байланысты өнеркәсіптік объектілерді орналастыру аудандарында атмосфералық ауаны қорғау қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен келісім бойынша уәкілетті орган қабылдаған үйлестірілген стандарттарға сәйкес жүзеге асырылуы қажет.

54. Өндірістік персонал жұмыс орнындағы немесе жұмыс істеу барысында қолданатын барлық қауіпті өнімдер үшін қауіпсіздік паспорттарына рұқсат алуы тиіс.

55. Жұмыс орнында сақталатын барлық қауіпті өнімнің сақтандырғыш белгілері болуы қажет.

56. Өндірістік персонал уытты және уыттылығы жоғары заттардың адамға, қоршаған ортаға және мүлікке әсер етуі жөніндегі қолданылатын көрнекі сақтандырғыш символдарымен таныстырылуы тиіс.

57. Уытты және уыттылығы жоғары заттармен жұмыс істеу кезінде еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар мыналарды көздеуі қажет:

- 1) өндірістен зиянды заттарды зияндылығы неғұрлым аз заттармен алмастыру;
- 2) бастапқы және соңғы өнімдердегі уытты және уыттылығы жоғары заттар қоспаларының құрамын шектеу;
- 3) адамның уытты және уыттылығы жоғары заттармен тікелей жұмыс істеуін болдырмайтын өндірістің озық технологияларын пайдалану (жабық айналым, автоматтандыру, кешенді механикаландыру, қашықтықтан басқару, өндіріс процестерінің үздіксіздігі, процестерді және операцияларды автоматты бақылау);
- 4) технологиялық процесті қалыпты жүргізу кезінде уытты және уыттылығы жоғары заттардың жұмыс аймағындағы ауаға шекті рұқсат етілген концентрациядан асатын мөлшерде бөлінуін болдырмайтын тиісті өндірістік құралдарды және коммуникацияларды, сондай-ақ, санитарлық-техникалық құралдар-жабдықтардың дұрыс пайдаланылуын таңдау;
- 5) уытты газдарды ұстау және кәдеге жарату, уытты заттарды рекуперациялау, олардан технологиялық қалдықтарды тазалау, өндіріс қалдықтарын, ағынды және шайынды сулардан бейтараптандыру бойынша арнайы жүйелерді пайдалану;
- 6) шикізат, өнім және материал стандарттарына зиянды заттардың улы сипаттамаларын енгізу;
- 7) жұмысшылардың жеке қорғаныс құралдарын қолдану;
- 8) қызмет көрсетуші персоналды арнайы дайындықтан өткізу және нұсқаулық жүргізу;
- 9) уытты және уыттылығы жоғары заттармен жұмыс істейтін тұлғаларды алдын ала және мерзімдік медициналық тексеру;
- 10) уланған тұлғаларға дәрігерге дейін және шұғыл медициналық жәрдем көрсету жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеу.

58. Азық-түлік шикізаттың және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі, тамақ өнімінің қауіпсіздігін бағалаудың технологиясы Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік құқықтық актілерімен регламенттеледі.

Қауіпті өнімді тасымалдау және сақтау кезіндегі қауіпсіздік талаптары

59. Уытты және уыттылығы жоғары заттарды және 2-тармақта көрсетілген қауіпті тәуекелдерді есепке ала отырып, қауіпті өнімдерді топтастыру негізінде қауіпті

өнімдерді өндіру (дайындау) кезінде азаматтардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың мүліктеріне, мемлекеттік мүлікке зиян келтіру қаупін барынша төмендетуді қамтамасыз ететін қорғаныс шаралары әзірленуі тиіс.

60. Қауіпті өнім, оның сақтандырғыш белгілері және қауіпсіздік паспорты болған жағдайда тасымалдауға (оның ішінде транзиттік) жол беріледі.

61. Қауіпті өнімді тасымалдау талаптары көліктің нақты түріне қатысты қауіпті өнімді тасымалдау бойынша тиісті нормативтік құқықтық актілермен регламенттеледі.

62. Қауіпті жүкті тасымалдау және сақтау кезіндегі қауіпсіздік шаралары қауіпті заттардың адамға, қоршаған ортаға және мүлікке қатысты әсер етудің:

1) қоршаған ортаның параметрлеріне байланысты емес (температураға, қысымға, ылғалдылыққа, жарыққа);

2) ұзақ сақтау мерзімінің қасиеттеріне ие және апатты және төтенше жағдайларға жол бермейтін ыдыстар мен орауыш үшін материалдарды пайдалана отырып;

3) ыдыс сыйымдылығының рұқсат етілген нормаларын, қауіпті өнімді тасымалдау мен сақтаудың жалпы көлемін және ұзақтығын есепке ала отырып;

4) қауіпті химиялық өнімнің әр түрінің үйлесімділігін есепке ала отырып;

5) ыдыс пен орауышты қайта пайдалануға байланысты қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

63. Қауіпті өнім егер сақтандырғыш таңбалауы болса және қауіпсіздік паспорты болса, сақтауға алынады. Қалдықтарға Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 128-Б бұйрығына сәйкес қауіпті қалдықтардың паспорты жасалады.

64. Сақтау үшін қауіпті өнімді орналастыру қауіптілік сыныбының түріне, сонымен қатар осы сақталынатын өнімге тән агрегаттық күйіне қарай жүзеге асырылады.

65. Қауіпті өнім сақтандырғыш таңбалауы жеңіл оқылатындай үлгіде орналастырылуы қажет.

66. Негізгі химиялық өнімнің қаупін арттыратын жаңа қосындылардың пайда болуына ықпалы болатын қауіпті химиялық өнімді сақтаған кезде осындай бөлінудің мүмкіндігін болдырмайтын қорғаныс шаралары қамтамасыз етілуі қажет.

67. Қауіпті өнімді сақтау жағдайлары және сақтау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру ыдысты, резервуарларды, басқа сыйымдылықтарды қайта пайдаланған кезде қауіпті өнімнің қалдықтарының араласу мүмкіндігіне жол бермеу қажет.

Қауіпті өнімді сату және пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары

68. Осы Техникалық регламенттің 2-тармағында көрсетілген қауіпті тәуекелдерді есепке алып, уытты және уыттылығы жоғары заттарды жіктеу негізінде қауіпті өнімді сату барысында азаматтардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне, мемлекеттік мүлікке зиян келтіру тәуекелін барынша азайтуды қамтамасыз ететін қорғаныс шаралары әзірленуі қажет.

69. Қауіпті өнімді сақтандырғыш таңбалауы болған жағдайда іске асыруға және пайдалануға жол беріледі. Қауіпті өнімнің көтерме топтамалары қауіпсіздік паспорттарымен бірге шығарылуы қажет.

70. Қауіпті өнімді сату мен пайдалануға байланысты жұмыстарға жұмылдырылған персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мынадай шаралар қабылдануы қажет:

